

**2006-2007 жылдардың кезеңінде Қазақстанның оңтүстік өңірлерінің тұтынушыларын электрмен тұрақты жабдықтауды қамтамасыз ету мақсатында энергия өндіруші ұйым үшін отын беру жөніндегі шығындарды өтеудің кейбір мәселелері**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 22 ақпандағы N 136 Қаулысы

*Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 1 қарашадағы N 1026 Қаулысымен.*

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына және "2007 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 22-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ :**

1. Қоса беріліп отырған 2006-2007 жылдардың кезеңінде Қазақстанның оңтүстік өңірлерінің тұтынушыларын электрмен тұрақты жабдықтауды қамтамасыз ету мақсатында энергия өндіруші ұйым үшін отын беру жөніндегі шығындарды өтеуге арналған қаражатты жұмсау ережесі бекітілсін.

*Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 1 қарашадағы N 1026 Қаулысымен.*

2. "ҚазТрансГаз" акционерлік қоғамы - "Т.И.Батуров атындағы Жамбыл мемлекеттік аудандық электр станциясы" акционерлік қоғамының 2006-2007 жылдардың күзгі-қысқы кезеңінде бір-екі-үш-төрт-бес блокты режимдегі жұмысын қамтамасыз ету үшін 2007 жылға арналған республикалық бюджетте 026 "Қазақстанның оңтүстік өңірі тұтынушыларын тұрақты электрмен жабдықтауды қамтамасыз ету" бюджеттік бағдарламасы бойынша көзделген қаражат шегінде сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар отын беруші болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының 2-тармағында көрсетілген заңды тұлғамен қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуды;

2) қызметтерді мемлекеттік сатып алу үшін осы қаулыға сәйкес пайдаланылатын қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсау қағидатын сақтауды, сондай-ақ "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 21-бабының 3 және 4-тармақтарының орындалуын;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2007 жылғы 22 ақпандағы  
N 136 қаулысымен

бекітілген

*Ескерту. Тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 1 қарашадағы N 1026 Қаулысымен.*

**2006-2007 жылдардың кезеңінде Қазақстанның оңтүстік өңірлерінің тұтынушыларын электрмен тұрақты жабдықтауды қамтамасыз ету мақсатында энергия өндіруші ұйым үшін отын беру жөніндегі шығындарды өтеуге арналған қаражатты жұмсау ережесі**

1. Осы Ереже Қазақстанның оңтүстік өңірлерінің тұтынушыларын электрмен тұрақты жабдықтауды қамтамасыз ету мақсатында энергия өндіруші ұйым үшін отын беру жөніндегі шығындарды өтеуге (бұдан әрі - отын беру жөніндегі шығындарды өтеу) арналған қаражатты жұмсау тәртібін айқындайды.

2. Отын беру жөніндегі шығындарды өтеуге арналған қаражатты жұмсау 2007 жылға арналған республикалық бюджетте 026 "Қазақстанның оңтүстік өңірі тұтынушыларын тұрақты электрмен жабдықтауды қамтамасыз ету" бюджеттік бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен жүзеге асырылады.

3. Берушінің отын беру жөніндегі шығындарын өтеу отынды бергені үшін шығындарды өтеу жөніндегі шығыстарға (2006 жылғы қараша-желтоқсан, 2007 жылғы қаңтар - мамыр) және тасымалдауға арналған шығыстарды және "Т.И.Батуров атындағы Жамбыл мемлекеттік аудандық электр станциясы" акционерлік қоғамының (бұдан әрі - "Жамбыл МАЭС" АҚ) тұрақты жұмысын қамтамасыз ету мақсатында тұтынушылар үшін электр энергиясына орнықты тарифтерді сақтау үшін қажетті отынның құнын ескере отырып, отынды сатып алу бағасы арасындағы айырманы жабу үшін жүзеге асырылады.

*Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 1 қарашадағы N 1026 Қаулысымен.*

4. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі:

1) "Жамбыл МАЭС" АҚ беретін электр энергиясының құнын төмендету үшін шығарылған нақты шығындардың есебін бекітеді;

2) Қазақстанның оңтүстік өңірлерінің тұтынушыларын электрмен тұрақты жабдықтауды қамтамасыз ету жөнінде берушімен жасалған шарттар негізінде осы Ереженің 3-тармағына сәйкес заңнамада белгіленген тәртіппен берушіге қаражат аударуды жүзеге асырады;

3) өз құзыреті шегінде отынды беру жөніндегі шығындарды өтеуге арналған қаражаттың тиімді, нәтижелі және мақсатты пайдаланылуы үшін жауапты болады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК